

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИС ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 ____ жылғы « ____ » ____
№ ____

010000, Астана, Мәжіліс Парламенті
« ____ » ____ 20 ____ года

2025 жылдың 14 мамырда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары-
Ұлттық экономика министрі
С.М. Жұманғаринге

Д Е П У Т А Т Т Ы Қ С А У А Л

Құрметті Серік Мақашұлы!

Биыл жазда статистика саласының маңызды іс-шараларының бірі - **ауыл шаруашылығы санағы өтеді.** Бұл мақсатқа 3,7 млрд теңге бөлінген. Естеріңізде болса соңғы рет ұлттық деңгейде ауыл шаруашылығы санағы 2006-2007 жылдары болған еді. Бұл статистикалық бақылау әр он жыл сайын өтуі тиіс, алайда соңғы 18 жылда санақ жүргізілген жоқ. **Демек, осы санақты ауыл шаруашылығы мен ауылдарды дамытуға қажет барлық пайдалы мәлімет жинауға бағыттауымыз керек.**

Біз, «Ауыл партиясы» фракциясының депутаттары, санаққа дайындық барысымен мұқият таныстық. Статистика бюросының жауапты қызметкерлерімен кездесіп, 2024 жылы пилоттық режимде өткен мониторингтің нәтижесін көріп, сауалнама мазмұны мен әдісін зерделеген едік. Айта кету керек - дайындық жаман емес, жоғары деңгейде. Цифрлі платформа дайын, планшеттер бар, әдістеме бекітілді, ұйымдастыру жұмысын атқаратын мамандар сақадай сай тұр.

Алайда, қайталап кетейін, ұлттық деңгейде ауыл шаруашылығы санағының өтпегеніне бақандай 18 жыл болды! Бұл уақыт аралығында ауылдар мен аграрлы саланы дамыту стратегиясы түбегейлі өзгерді. Ауылдардың саны қатты қысқарды. Төртінші деңгейлі бюджет пайда болды. Ауыл әкімдері сайланып, олардың жұмыс форматы жаңарды. Ветеринария саласында сәтті де сәтсіз де реформалар өтті, жақсы болсын жаман болсын мал

басын цифрлендіру жүйелері іске қосылды. Жайылымдар бойынша талай маңызды шешімдер қабылданды. Сонымен қатар жалпы ішкі өнімдегі жеке қосалқы шаруашылықтардың үлесі азайды.

Әрине, санақ мерзімі жақындаған шақта бекітілген сауалнаманы дәл осы кезде өзгерту мүмкін емес. Оны жақсы түсінеміз. Бірақ сауалнама жүргізетін мамандарға қосымша ақпарат жинауды тапсыруға болады. Сондай-ақ, жиналатын ақпаратты талдау жұмысын күшейтуге болады деген ойдамыз.

Біріншіден, ауылдардың жағдайын зерттеу бойынша кешенді жұмыс көптен бері жүргізілмегенін естен шығармау керек.

Соңғы рет Қазақстанның ауылдары толығымен «паспортизация»-дан сонау 2004 жылы арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылданған кезде ғана өткен. Содан бері ауылдардың мәліметін тек әкімдердің өздері ғана жаңартып келген. Инженерлік немесе әлеуметтік инфрақұрылым болсын, экологиялық жағдай болсын, еңбек ресурстары болсын, осының барлығында объективті көзқарас жоқ екенін жақсы білеміз. **Әкімдердің берген есебінде бәрі жақсы, ал халықтың арыз-шағымына сүйенсек жағдай тіпті басқаша!**

Осыған орай, алдағы санақ барысында қосымша сауалнама парағын енгізу қажет. Ауылдардың паспортын жаса деп тұрғанымыз жоқ, сұрайтынымыз – қазіргі ауылдардың жағдайы мен аграрлы саланың деңгейін халықтың өзінен сұрау, бағасын алу.

Ауылдар мен аграрлы саланы дамытуға қыруар қаражат бөлінді. Ауруханалар мен мектептер салынды. Интернет жүргізілді. Жоғарыда айтқандай әртүрлі өзгерістер болып жатыр. Алайда сол өзгерістерге халықтың берген бағасын ешкім сұрап жатқан жоқ.

Қосымша сауалнамаға санаққа қатысатын халықтың кем дегенде 10 пайызы қатысуы керек. Ал қосымша сауалнаманың мәтіні ауылдардың инфрақұрылымы мен аграрлы салаға қатысты ауыл адамдарының пікірін білуге арналуы тиіс. Қажет болса, оның мәтіні бойынша тиісті консультация беруге дайынбыз. Қазіргі кезде тіпті такси қызметіне 5 балдық баға беріледі. Ауыл мен аграрлы салаға жылдар бойы жасалған жұмысына да баға алуға міндеттіміз.

Екіншіден, ұлттық ауыл шаруашылығы санағы аяқталған соң **жиналған ақпаратты (әрине, жеке мәліметті жасыра отырып), кеңінен сараптау қажет!** Бұл жұмысқа тек Статистика бюросы ғана емес, барлық квазимемлекеттік аналитикалық орталықтар мен қоғамдық институттар тартылуы тиіс. Бюджеттің қаражаты – халықтың қазынасы. Ауылдардың тағдыры – ортақ іс. Олай болса санақ мәліметін кімнен жасырамыз?.. Қайта, керісінше, тірнектеп жиған мәліметті жан-жақты талдауға, талқылауға жол ашу керек.

Мақсат біреу – ауылдарды дамытып, аграрлы салаға жаңа қарқын беру. Сондықтан да қазірден бастап аналитикалық жұмыстың форматын анықтап, оған қатыса алатын мекемелердің тізімін жинақтау қажет.

Осы екі ұсынысты қарастырып, солар бойынша жауаптарыңызды заңнамаға сәйкес мерзімде берулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**ҚР Парламенті Мәжілісіндегі
«Ауыл партиясы» фракциясының депутаттары**

А. Баққожаев

С. Егізбаев

Ж. Дайрабаев

Т. Серіков

Қ. Абден

Н. Арсютин

А. Зейнуллин

Е. Саурықов

*Исп.: А.Амангельдина
Тел.: 746416*